

«АЛАТАУ АРДАГЕРІ»-КЕГЕН АУДАНЫНДА!

Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының «Алатау ардагері» газеті ұжымы облыс аудандарының саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларын ашып көрсететін әр ауданға арнайы номерлер шығаруды бастап кеткен болатын. Осы бағыттағы оқырман қолына тиген тұсаукесер номеріміз шөл мен көлдің түйіскен жері Балқаш ауданына арналған еді. Енді бұл газет Кеген ауданының тыныс-тірлігін оқырман қауымға жеткізуге келді.



АЛАТАУ Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



✉ ardager@mail.ru

✦ Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті ✦

✧ №48(58) 29 қараша 2024 жыл ✧

Аудан тынысы

Нұрбақыт ТЕҢІЗБАЕВ, Кеген ауданының әкімі:

КЕГЕННІҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР



Кешегіден келешекке бет алған Кеген ауданының әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуының перспективасы жақсы. Оған аудан бойынша биылғы жылдың 9 айында атқарылған жұмыстар дәлел бола алады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2024 жылғы 9 айында 17 млрд 691 млн теңгені құрап, нақты көлем индексі – 100,6 пайызға орындалды, оның ішінде өсімдік шаруашылығы 2 млрд 838 млн теңге НКИ 100,4%, мал шаруашылығы 14 млрд 745 млн теңге НКИ 100,6 % құрады. Ауыл шаруашылығы бойынша ірі қара 47 241 басты, қой ешкі 202 302 басты, жылқы 27 223 басты құрап отыр.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 272 адам құжат тапсырды биылғы жылға дейін несие алғандар саны 156 адам, 1 млрд 286 млн 710 мың теңге алды. 25 адам (164 млн 437 мың теңге) несие алуға келісім алды.

2024 жылы 30 915 га, дәнді дақыл 7433 га, (жаздық бидай 3 302 га, жаздық арпа 3 766 га, күздік арпа 125 га жерге егілді. Егістік алқаптарының 8736 га шаруа және фермерлік қожалықтарына тиесілі болса 553 га жеке қосалқы шаруашылықтарына тиесілі.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес су үнемдеу технологиясын іске асыру бойынша 7 округ әкімдеріне 1 000 га жерге жоспар жасалынып берілді.

Жыл басынан аудан бойынша 143 млн. 350 мың теңгеге 14 ауыл шаруашылығы техникалары АО «КазАгроФинанс» арқылы 5 % лизингке алынған.

Жер қатынастары жұмыстары бойынша жыл басынан бері 24 субъектіден жалпы көлемі 23 096 га ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлері ауданның жер қорына қайтарылды.

Сонымен қатар Алматы облысының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотына 3 жер пайдаланушылардың жалпы көлемі 280 га жерлері мемлекет меншігіне қайтаруға жолданып 23 қазан күні 1 жер пайдаланушы-

дан 10 га шабындық жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Кеген ауданында «КегенМясПром» ЖШС-і ет комбинатын салу инвестициялық жоба құны 2,5 млрд теңге. 50 тұрақты жұмыс орны ашылады. Бас мердігер «БАЗИС-А» ЖШС-і Жобаның іске асыру кезеңі 2021-2024 жылдар. Бүгінгі күнде 800 млн теңгенің жұмысы атқарылды.

Бүгінгі күні 6 инвестициялық жобалар жоспарланып отыр

2024 жылдың 9 айында ауданға 361 223 турист келіп, бюджетке 81 млн 408 мың теңге салық түсірілді.

Сонымен қоса Кеген өткізу бекетінен Қырғыз Республикасына өтетін кедендік бекетке 2023 жылы 80 974 адам өтсе, бүгінгі күнге дейін 101 837 адам өтті,

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинау жоспары – 100,5% орындалды, жоспарлы 6 млрд 275 млн теңгенің орнына 6 млрд 309 млн теңге түсті.

Құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша 2024 жылдың 9 айында 3 млрд 975 млн теңгеге орындалды.

Ауданда бірқатар жаңа құрылыс нысандары бой көтеруде

Ауылдық елді мекендерді абаттандыруға және санитарлық тазалыққа 106,6 млн теңге бөлінді.

Кеген ауданы бойынша 4 санатпен тұрғын үй кезегінде жалпы 474 адам тіркелген.

Аудан аумағында барлығы 775 шақырым жол бар. Оның ішінде республикалық маңызы бар жол 215 шақырымды құраса, облыстық маңызы бар жол 240 шақырым. Жергілікті маңызы бар жол 320 шақырым.

2024 жылға ауыл ішкі жолдарын маршруттық тәсілмен және орташа жөндеу жұмыстарына 1 млрд 693 млн теңге бөлінді.

Кеген ауданындағы елді мекендерге жол-көлік оқиғаларының алдын алу және аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, 13 сергек және 700 қоғамдық бейне бақылау кою Алматы облысының «Цифрлық технологиялар басқармасы» арқылы

жоспарлануда. Бүгінгі күні барлау жұмыстары жүргізіліп, бейне бақылау орындарын қойылатын жерлер ауылдық округ әкімдері және Кеген аудандық Полиция бөлімімен анықталды. Сергек камерасына республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолының бойына жол таңбасын сыздыру, бағдарламға тоқтау сызықтары толығымен сызылды.

2024 жылдың 9 айында «Жаңа бизнес» идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар 15 азаматқа 400 АЕК көлемінде 22 млн 152 мың теңге берілді.

Жұмыс іздеуші ретінде тіркелген 1483 азаматтың 1014-ы жұмысқа орналастырылды.

Алдағы мақсат-тұрақты жұмысқа орналастыру жоспарын орындау, ай сайын қоғамдық жұмысты аяқтаған азаматтарды жұмысқа орналастыру.

2024 жылы барлығы 1133 жұмыс орны ашылса, оның 516 тұрақты жұмыс орнын құрады.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алғандар есебінен 2023 жылы 73, 2024 жылы 14 жаңа жұмыс орны ашылды. Осы бағдарламаға қатысушы 17 жұмыс берушіге күміс жас жобасы, 6 жұмыс берушіге әлеуметтік жұмыс орны, 1 жұмыс берушіге алғашқы жұмыс орнына жұмыссыз азаматтар жұмысқа орналасты.

Ауданда 15 нысан ұлттық жобаға кірген. Жоспарға сәйкес бұл жобаларға 188 азамат жұмысқа орналасу қажет. Оның 40 тұрақты жұмыс орындары «Кеген мясопром» кәсіпорнына белгіленген. Бүгінгі күнге 9 жоба бойынша 116 жұмыссыз азамат жұмысқа уақытша орналасты. Уақытша жұмысқа орналастыру жоспары 81,1 пайызға орындалды.

2024-2025 оқу жылы 4882 оқушымен басталды. 1 сыныпқа 471 оқушы қабылданды. Ауданда 21 орта, 4 негізгі, 5 бастауыш мектептер, 1 өнер мектебі (бала саны 756), 1 техникалық-шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығы (бала саны 1402), 4 мемлекеттік, 11 жекеменшік балабақша, 1 мектеп жанындағы интернат жұмыс істейді.

22 бала үйден оқытылса, 95 бала инклюзивті білім беруге тартылған. Аудандағы 30 мектепте 19 асхана, 11 буфет жұмыс істейді. Оқу жылы басынан, бүгінгі күнге дейін 1-4 сыныптарда 1923, 5-11 сыныптарда 1037 оқушы, жалпы 2960 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Аудандағы 25 мектеп 4 мемлекеттік балабақша, 1 өнер мектебі, 1 мектеп жанындағы мектеп интернат сұйық отынмен жылытылады.

Жоспар бойынша 2024-2025 оқу жылына жылыту маусымына қажетті сұйық отын 952,9 мың литр. Сұйық отын облыстық білім басқармасы арқылы сатып алуға тапсырыс беріліп, жеңімпаз «Контракт» ЖШС анықталды. Бүгінгі күнге дейін 31 мекемеге 952,9 литр 100 пайыз сұйық отын жеткізілді. Қатты отынмен жылытылатын 5 бастауыш мектебі және 1 техникалық-шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығына қажетті 178 тонна қатты отын толығымен жеткізілді.

Кешегіден келешекке жол тартқан Кеген ауданының әлеуметтік-экономикалық және мәдени салалары одан әрі дами беретін болады.

СҮЙІНІШ ХАБАР

ҚҰРМЕТТІҢ ТӨРІНЕН ОРЫН АЛДЫ



Алматы облыстық мәслихаттың шешімімен Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев пен Кеген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбековке Алматы облысының Құрметті Азаматы атағы берілді. Бұл екі азамат та кезінде көптеген лауазымды қызметтерді атқарып, Алматы облысының дамуына, гүлденіп, көркеюіне орасан зор үлес қосып, жерлестерінің абыройына бөленіп, құрметтің төрінен орын алды. Денсаулықтарыңыз мықты, отбасыларыңыз аман болып ел игілігі жолында еңбек ете беріңіздер. Марапат құтты болсын!



Аудандық ұйымда

Кеген ардагерлері белсенді

Кеген аудандық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігі 2024 жылдың басынан бастап осы уақытқа дейін ауданның экономикалық және әлеуметтік дамуына ардагерлердің тұрмыс-тіршілігін жақсарту, қоғамдық белсенділігін арттыру, ардагерлердің аз қамтылған бөлігіне материалдық, медициналық көмек көрсету, ұйымның басқа қоғамдық ұйымдармен байланысын арттыруда біршама жұмыстар атқарып келеді. Біздің ұйымда 4000 –ға тарта ардагерлер бар.

Аудандық ардагерлер ұйымы жыл басынан бері түрлі шаралар өткізді. Нақтырақ айтсақ, ақпан айында ауданның Ұзынбұлақ ауылдық округіндегі Ақбастау мәдениет үйінде шахмат пен дойбыдан ардагерлер арасында жарыс болып өтті. Оған 12 ауылдық округтен 42 ардагер қатысты. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Осы шараны өткізуге аудандық ардагерлер ұйымы, аудандық бұқаралық іс-шараларды өткізу орталығы, Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімдігі демеушілік жасады. Ардагерлердің көңіл-күйлері көтеріңкі. Ұйымдастырушыларға рахметтерін айтты.

Одан кейін наурызда Ұзынбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Нұрбай Советовтің 70 жасқа келуіне орай Ақбастау мәдениет үйінде және Ы.Көшкінов атындағы орта мектептің спорт залында аудан ардагерлерінің әр округтен жиналған волейбол командалары өзара жарысқа түсті.

Шараға қатысушылар Н.Советов ақсақалды туған күнімен құттықтап, өмір жасының ұзақ бо-

луына тілектестік білдіріп, иығына шапан жапты. Жарысқа қатысқан 8 команда 1,2 орын үшін тартысқа түсті. Жүлде алған командаларға



ақшалай, заттай сыйлықтар тапсырылып, дипломдармен марапатталды. Туған күнге орай дастархан жайылып ардагер спортшыларға құрмет көрсетілді.

2024 жылдың 13 наурызында Кеген аудандық жастар ресурстық орталығында Кеген ауылының ардагерлерінің жастармен кездесуі болып өтті. «Дәрия кеуде тау мүсін,



жолының бойына қоршау орнатып, қарағай, тал, терек көшеттерін отырғызды. Жол бойын сәндеп, тазалап су жүретін арықтар тартып, үлкен іс-шара өткізді.

Аудан әкімінің қолдауымен сәуір айының үшінші онкүндігінде аудан ардагерлерінен 7 ақсақал «Жаркен-Арасан» шипажайына барып, демалып қайтты. Бұл жөнінде облыстық «Алатау ардагері» газеті бірінші бетіне мақала ұйымдастырды.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай аудан жастары аудандық әскери бөліммен бірлесе отырып орталық алаңда осы бір айтулы мерекені ұйымшылдықпен атап өтті. Оған ауданда орналасқан за-става бекеттерінен әскери борышын өтеп жүрген сарбаздар қатынасты.

9 мамыр Ұлы жеңістің 79 жылдығына орай барлық ауылдық округтердегі Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, құран бағыштады. Аудан орталығы Кеген ауылын-

да Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке, «Ақ Ана» ескерткішіне, Тыл еңбеккерлеріне қойылған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, құран бағыштады.

31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуы күніне орай Кеген ауылындағы ескерткішке гүл шоқтары қойылып, құран бағышталды.

4 маусым Рәміздер күніне орай Кеген жастары ұйымы аудандық ардагерлер ұйымының мүшелерімен бірге орталық алаңдағы ту көтеру рәсіміне қатынасып, елтаңбаны көтеріп, гимнді шырқады. Соынмен қатар, Сарытау тауының биік шыңы Ақшоқы шоқысына еліміздің көк туын желбіретіп тікті.

Шілде айында облыстық деңгейде Қарқара жайлауында «Қымызмұрындық – 2024» және «Жолан жүйрігі» ат бәйгесі өткізілді. Шараға облыстық ардагерлер ұйымы және ауданның 12 округтен белсенді ақсақалдар мен әжелер қатысты. Онда қазақ халқының салт-дәстүріне арналған шеберлік сағаттары көрсетілді және батагөйлер байқауы өтті. Шеберлік сағатына қатысқандарға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Қазақстан халқы тілдер мерекесіне де орай шара өткізілді. Игі шараға зиялы қауым өкілдері, аудандық ардагерлер ұйымы, тіл жанашырлары қатысты.

Алдағы уақытта да Кеген аудандық ардагерлер ұйымы жоспарға сәйкес өз жұмыстарын жүргізетін болады.

С.ДОСЫМБЕКОВ,
Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Аналар кеңесі

Жауапкершілік - басты назарда

Отбасы институты мен отбасы құндылықтары, қоғамдағы ананың рөлінің маңыздылығын, жастар мен болашақ ұрпаққа рухани, патриоттық тұрғыда тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігін арттырудың, ұлттық дәстүрлер мен ұрпақ сабақтастығын сақтау жұмыстарының маңызы үлкен.

Аналардың әлеуетін дамытып, орасан еңбектерін насихаттауда, әйел-аналардың мүддесін қорғауда құқығы түсіндіруге көмектесуде. 2014 жылдан қоғамдық негізіндегі ҚХА жанынан республикалық «Аналар кеңесі» құрылғанына да биыл 10 жыл болды.

Өскенде сөзінде тұратын, уәдесіне берік, елінің ертеңін ойлайтын балаларымыз да бесік жыры мен әженің әлдіін тыңдап дара тұлғаға айналғаны бекер емес. Ата-ана ақылынан нәр алған, ұлы дала ойшылдарының аманаттап кеткен сөз қадіріне жете түсінетін ұрпақ етіп тәрбиелеудің бір жауапкершілігінің жүгі анада болғандықтан, құрылған Аналар кеңесінің атқарар ісі ауқымды. Кеңестің мақсаты, ережесі айқындалған. Тот басқан темірдің қадірі болмайтын сияқты, аналар түрлі шара, кеңестермен ұрпақтың жұдырықтай жүректерін қарайтпай, қасиетін қашырмауды ойлайды. Сол мақсатта Кеген ауданының «Аналар кеңесі» құрылып, 12 округтегі аналар кеңесі мүшелерімен шараларын жастар орталығы, заң, білім, денсаулық бөлімдерімен біріге отырып жұмыстар жүргізеді.

Отбасы бірлігін арттыруда «Мерейлі отбасы», «Атам, әжем және мен», «Мен әжеммен мақтанамын», «Өнегелі келін» байқаулары мен спорттық шаралары өткізіледі. Оқушылармен «Дені сау ұрпақ-ұлт саулығы», «Қыз-болашақ ана» жобалары бойынша дәрігерлермен, СЭС қызметкерлерімен кездесулер



ұйыдастырылады. 2023-2024 жылдары аналарымыз Қарқара жайлауында облыс, республика деңгейінде өткен «Қымызмұрындық» фестивалінде ұлттық дәстүрлер киіз басу, алаша тоқу, сүт, нан өнімдерін дайындау, жүн түтіп, иіруден шеберлік сағаттарын көрсетті.

«Аналар кеңесі» құрылғанынан бастап аудандық «Отбасы мектебі» жобасының 6 бағытымен, 2022 жылдан республикалық «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» жобасының 4 бағытымен, биылғы жылдан жоба аясында зиянды әрекеттерден сақтану, алдын алуды жүзеге асыруда «Салауатты сана» жобасының 5 кеселден арылу бағытындағы жұмыстар іске асырылуда. Кеңесте отбасылық қиындықтарды шешуде көмек көрсетіліп, оң нәтижеге жету мәселелері талқыланады. Заң қызметкерлері мен құқығын сақтау, білу мақсатында кездесулер өткізіліп, түсіндірме жүргізілді.

Ана еңбегін дәріптеу, үлгі

ету мақсатында «Ұлы дала аналары» рубрикасымен еңбегі ерен, елге сыйлы, еліне қызмет етер азамат тәрбиелеп, өсірген, ұзақ жасау үлгісін көрсеткен, өнегелі отбасының аналарымен кездесу кештері өткізілді «Еңбегімен ел таныр», «Туған жерге тағзым», «Ісің бізге үлгі», «Ұлы дала аналары, кеше, бүгін айдарымен түрлі саладағы еңбек ардагерлері дәріптеуде. Шағын елді мекендерде «Көше төрайымдары» сайланып, отбасылық шарада ауданның іс-тәжірбиесі таратылды. Барлық ауылдық округтерде құрылған «Әжелер ансамблі» түрлі шараларда өнерлерін көрсетуде. Облыстық «Үлгілі әке» форумында ауданның ақыны, режиссер, көп балалы отбасының иесі Нұрбакыт Аршын «Үлгілі әке» төсбелгісіне ие болды. 2023 жылы республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Шанай Назира Ыдырысқызы қатысқан форумда аудандық Аналар кеңесінің жұмысы жоғары бағаланды. Әр жылдың аяғында округ аналар кеңесінің жұмыстары қорытындыланып, ауыспалы кубок тапсырылады.

Аналар кеңесі жұмысының өз деңгейінде атқарылуы аудан әкімдігінің қолдауы бөлім басшыларының, ауылдық округ әкімдерінің түсіністік пен көмегі деп білеміз. Аудандық, облыстық баспасөз тілімдері де үнемі өткізілген шараларды баспасөз бетінде жариялап отырады, «Жетісу» телеарнасында көрсетеді.

Сонымен бірге, әр ауылдық округ Аналар кеңесінің төрайымдары, кеңес мүшелері өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқаруы, келешек ұрпақ үшін маңызды екенін көрсетеді.

Бақытгүл КӨНЕЕВА,
Кеген аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс-соңғы демі қалғанша отаны, туған жері, болашағы үшін күрескен жанқиярлық ерліктің нәтижесі, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі. Бүгінгі Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де ұлы Жеңістің жемісі екені анық.

КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС...

Осынау сұрапыл соғысқа Қазақстаннан 1 миллион 200 мыңнан астам адам қатысты. Соның ішінде алты жүз мыңға жуық жауынгер туған жеріне қайтып оралмады. Кеген ауданы бойынша соғысқа 6729 адам аттанған. Тең жартысынан астамы майдан даласында опат болған. Қазіргі таңда ауданда тыл ардагерлері – 51, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендер – 4.

Біреу баласынан, біреу жарынан, енді біреулер әкесінен, бауырынан айырылды. Бұл соғыстың жанымызға түсірген жарасы аз болған жоқ. Ежелден елі мен жеріне қорған болып, намысын ту



етіп, сыртқы жауларымен күресіп келген қайсар халқымыз бұл соғыста да айтарлықтай ерліктің үлгісін көрсетті. Соның нәтижесінде жүзден аса жерлестеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Қазақстандық 142 жауынгер майдандағы ерен ерлігі үшін Даңқ орденінің толық иегері болды. Бүгінде адамзат тарихына өшпес із қалдырған екінші дүниежүзілік соғыс дүмпуі басылып, Ұлы Жеңістің салтанат құрғанына келесі жылы 80 жыл толмақ. «Тау алыстаған сайын биіктейді» демекші, бірақ сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Соғыс-қасірет пен қайғыны еске түсірумен бірге, қан майдандағы шайқастар мен ерен ерліктердің де естелігі. Бұл – Жеңіс жаңғырығы!» деп атап көрсетті.

Жыл сайын мамыр айында майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен жандарға ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске алу-бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы. Біз аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығын, қажыр-күшін, биік рухын бағалай отырып, бізге ашық аспан, бейбіт күн сыйлаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз.

Қашан да Отан үшін оққа кеудесін тосқан жауынгер ерлігін ұмытпау, бүгінгі бейбіт өмірді ұрпаққа аманат ету-

біздің азаматтық міндетіміз. Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ерлігінен кем түспеуге тиіс. Бүгінгі буын Жеңіс сарбаздары алдында мәңгілік қарыздар. Ардагерлеріміздің арқасында қол жеткізген «Жеңіс» кешегі күннің ғана емес, болашақтың да жеңісі. Ол соғыстан кейінгі жылдардың қиындығын еңсеруге мүмкіндік беріп, бүгінгі күні де қоғам өміріне белсене араласуға, жастарды Жеңіс рухында тәрбиелеуге рух беріп келеді.

Бейбіт өміріміз үшін, бұлтсыз аспанымыз үшін Ұлы Отан Соғысына қатысқан және Тылда еңбек еткен ата-бабаларымыздың алдында тағзым етіп, басымызды иеміз!

Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін! Мәңгілік еліміздің болашағы жарқын, егемендігіміз мәңгілік болсын!

Өз тілшімізден.

Бастауыш ұйымдарда

АРДАГЕРЛЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ БАР

Біз тұрып жатқан мекен-жай-бұрынғы Қазақ ССР-ы 50 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығы Дінмұхаммед Қонаевтың ұйғарышымен 1971 жылы ақпан айында құрылған совхоз.

Бағытты Галловой малын өсіп өркендету, Кеген ауданы орталығынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. 33 мың гектар жер бар болған еді. Теңіз деңгейінен 2050 метр биіктікте орналасқан. Ал қазіргі атауы Тасашы ауылдық округі. Ауыл құрамына төрт елді мекен Жаңа Тасашы, Тасашы, Ақтасты, Сарыкөл елді мекендері кіреді. 1990 жылға дейін 500-

мектеп, 120 балаға арналған мектеп-интернаты күрделі жөндеуден өткізіліп, ауыл көшелеріне жарық шамдары тартылып, көшелерге асфальт төселіп, халық игілігіне берілді. Әрине, осындай ауқымды жұмыстардың жүргізілуіне дер кезінде мәселе көтеріп, оның іске асуына Жеңіс Қарабалаев, Жұматай Шүршітбаев, Мәкен Сембаев, Төлқожа Мұқа-



одан ары қарай пәрменді жүргізу мақсатында «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі құрылды. Әрине, ол да таяу жылдары өз жемісін бере жатар. Ауылымызда «Әжелер» ансамблі, тағы да Ақтасты ауылында Рақымжан Абдрахманов жетекшілік ететін отбасылық ансамблі жұмыс істеп келеді.

Қарттарды дем алдыру да тыс қалып жатқан жоқ. Өткен жылы Көлсай көлдері мен Шарын шатқалына дем алдырып, көріп қайтуға 15 ардагер әжелер мен қарттарымызды жібердік. Бұндай шара алдағы жылдары жалғасын таппақ. Осындай

ауқымды шараларды әске асыруда аудан әкімі Нұрбакыт Теңізбаев пен Кеген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сабыр Досымбековке үлкен рахметімізді айтамыз. Өйткені, ауқымды шараларға ықпал етіп отырады. Ауыл қарттарын дем алдыруға жағдай жасап, Түркістанға, «Жаркент арасанға», Ыстықкөлге барып дем алдыруға зор ықпал етті.

Рамазан МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Тасашы ауылдық
ақсақалдар алқасының
төрағасы,
Кеген ауданының
Құрметті азаматы.



ге тарта отбасы қоныстанған болса, қазіргі күнге 200-ге тарта отбасы тұрып келеді. Оның 97-сі-қарт әжелер мен егде қариялар. Жетеуі-қарт ұстаздар, қалған 90-ға тарта еңбек демалысына шыққан қарапайым ауыл шаруашылығының еңбеккерлері.

Ауылымызда үш Кеген ауданының Құрметті азаматы бар. Кезінде бес Социалистік Еңбек ері, ғылым саласында екі академик, бір доктор, екі ғылым кандидаты шыққан.

Тасашы ауылдық округінде заманымызға сай екі мәдениет үйі, аурухана, екі

нов, Рақымжан Абдрахманов секілді ауданның Құрметті азаматтары мен басқа да ардагерлердің ықпалы зор болды. Ауылымызда ардагерлердің өз иқтиярларымен арнайы қорлар жұмыс істеп келеді.

Сонымен қатар, ауылдағы туындайтын мәселелерге, яғни отбасылық жанжал, ұрыс-керіс, басқа да келеңсіз жағдайларға, оның ушықпауына жол бермеу мақсатында жүргізілген жұмыстар бар. Ол жұмыстардың нәтижесі де жоқ емес.

Осындай жұмыстарды

Кәсіпкер

Кеген ауданындағы «Шолпан» ресурстық орталығы қоғамдық қорының директоры, «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы Жанбабаева Шолпан Ілікқызы туралы айтпақпыз.

Кәсібі нәсібі болған



Ол Кеген ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1988 жылдан бастап Кеген ауданының «Қызылту» совхозында клуб меңгеруші болып бастаған. 1991 жылы кәсіпкерлік қызметпен айналысты. Оның басшылығымен Кеген ауылында орналасқан «Сарытау»

кафесі жұмыс істейді.

2006 жылдан бастап «Шолпан» ресурстық орталығы қоғамдық қорының директоры.

2016 жылдан бастап «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы. «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігі жанында үш орындық мүгедек балаларға арналған күндізгі болу орталықтары жұмыс істейді. Кеген ауданының Кеген ауылында 25 орындық, Шелек ауылында 40 орындық, Қызылжар ауылында Еңбекшіқазақ ауданында 40 орындық. 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтыған.

Бірнеше рет Алматы облысы әкімінің дипломдарымен марапатталды, Облыстың ішкі саясат басқармасы басшыларынан грамоталар мен алғыс хаттар алды. Бірнеше рет ауданның «Жылдың үздік кәсіпкері» номинациясына ие болды.

Шолпан Ілікқызы ауданның қоғамдық іс-шарасына белсене араласып, қолынан келгенше демеушілік танытып отырады. Кеген ауданының аз қамтылған отбасылары мен мүмкіндігі шектеулі жандарға жыл сайын өз есебінен көмек көрсетіп келеді, тағы басқа көмекке мұқтаж жандарға қаржылай көмегін аяған емес.

Өз тілшімізден.

САНДУҒАШТЫҢ ЦЕХЫНДА

Абай қалың еліне колөнерін үйренуді, меңгеруді көптен-көп ұлағат етіп айтып кеткен. Хакіміне қалған «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөзі өлмейтін қанатты қағида. Қол өнері – ұлтымыздың сан ғасырдан алтын арқауын үзбей келе жатқан қастерлі кәсібіміз, болмыс-бітіміміз. Қазақ он сауағынан шыққан сан түрлі бұйымдары арқылы да жандарын бақты, ырысын кіргізді, шаруасын шалқытты. Бұл қазіргі уақытта да мәнін жойған жоқ.

Кеген ауданындағы Жалағаш ауылында тұратын Оспанова Сандуғаш Өмірбекқызы-он сауағынан өнері төгіліп тұрған ісмер, іскер жан. Қызылорда облысының Шиелі ауданының бір қарлығашы. Жалағаш ауылының қадамы құтты ақ келіні жастайынан сүйікті анасы, қол өнерінің шебері Әсемгүлден көп нәрсе үйренген. Тоқыма тоқып, құрақ көрпе жасап, тігін машинасымен жұмыс істеуді меңгерген. Анасының ақ сүтімен, аялы алақаны, мейір-пейілімен бойына дарыған қол өнерін өмірлік мұратына айналдырған. Содан жаман болған жоқ. Іскер, еңбекқор қыз Алматы қаласындағы технологиялық колледжін модельер-құрастырушы мамандығы бойынша бітірді. Анасынан көрген, жиған тергендерін арнайы оқу орнындағы білім, іс-тәжірибесімен одан әрі молықтырып, толықтырды.

Жалағаш деп аталатын таулы өңірдегі ең үлкен, іргелі ауылға келін болып түскеннен кейін бойжеткен кезіндегі армандарын жүзеге асыруға тырысты. Бұл ойына, ел мен жерге қажетті игі мақсатында өмірлік жарты, мектепте ұстаз болып еңбек ететін Еркебұлан қарсы болған жоқ. Қолынан келгенінше қолдауын көрсет-

ті. Сандуғаш ауылындағы бір айлық кәсіпкерлік курсын бітірді. Ауылынан тігін ательесін ашу жөніндегі жобасымен 1 миллион теңге грант ұтып алды. Бұған қосымша жеңілдікпен несие алып, ауылдық орталығындағы базардан тігін ательесі үшін ғимарат сатып алып, заманға лайық жөндеуден өткізді. Оған онға тарта тігін машиналарын, түрлі киім тігуге, әрлеуге арналған қажетті аппара-



тын әкелді. Сөйтіп, былтыр шілде айында «Шебер» атты тігін ательесі есігін ашты. Тігін тігуге қолының икемі бар екі адамды жұмыспен қамтыды. Сандуғаштай ше-

бер қолды ақ келіннің тігін цехы сол күннен бастап елдің игілігіне айналды. Тігін цехы барлық жастағы ерлер мен әйелдерге қажетті киімдерді тігеді. Әсіресе, жасөспірім

қыздар мен балаларға ұлттық киімдер әзірлейді. Ұлтымыздың ою-өрнектерімен әдіптелген үлкендердің сырт киімдері де жасалады. Терезе перделерін, төсек, диван жапқыштарын, жастықшаларын, қыз жасауларын дайындайды. Бірнеше ауыл қарайтын, 5 мыңнан аса халық тұратын ауылдық округтің орталығы болғандықтан сұраныс жақсы. Сонымен қоса, қазіргі таңда қыз жасауын толығымен тігіп Астана, Қарағанды, Семей, Шымкент, Атырау, Ақтау, Алматы, Талдықорған қалаларынан тапсырыс алып жіберуде. Шетелден келген туристер де кимдеріне, құрақтарына қызуғышылық танытып сатып алуда. Келушілерді жылы қабағымен қарсы алып, дене бойларын өлшеп алып, қажетті материалдарын кесіп, пішіп тігуге дайындап жатқан да Сандуғаштың өзі.

Он сауағынан өнері жүзін нұрландырып, ісін ілгерілетіп, жанын албыратып отырған Сандуғаш-алды оннан асқан екі ұл мен екі қыздың анасы. Отауларына Бақыт пен Тасним, Кәусар, Мирас, Манас атты балапандарының базарын орнатқан жаны жайдары, жүрегі жұмсақ құтты келін. Жалағаш ауылының орталығында «Шебер» атты тігін ательесінің есігі үнемі ашық. Жұртына жайлы қызметтерін ұсынып, көптің алғысын арқаалап келе жатқан Сандуғаш бастаған тігіншілерге алғыстан басқа айтар жоқ.

Өз тілшімізден.

Мәдениет

Кеген ауданында 10 мәдениет үйі, 4 ауылдық клуб және 13 кітапхана, 1 тарихи – өлкетану мұражайы жұмыс жасауда.

МӘДЕНИ ШАРАЛАР ӨТТІ



Биылғы жылы ауданда мәдени және спорттық 689 шара өткізіліп, әлеуметтік желілерде жарияланды. Оның ішінде «Келіндер сыны», «Жігіт жанпозы» байқауы өтті. Мақпал Жүнісованың 60 жас мерей тойына арналған шығармашылық концерті, Кеген мен Ақай Нүсіпбеков ауылдарында «Кегенім, бір өзіңе болдым ғашық» атты ауданнан шыққан өнер майталмандарының концерті ұйымдастырылып өткізілді.

Сонымен қатар облыстық дарынды, талантты балаларға арналған «Өребәйге» атты конкурс-фестивалі ұйымдастырылды.

Қазақ өнерінің қайталанбас тұлғалары Ғалымжан Досанұлы, Ерлан Стамғазы, Жақсылық Мырқаев қатарлы саңлақтарды еске алу мақсатында ұйымдастырылған мектеп оқушылары арасындағы дәстүрлі әншілер мен күйшілердің «Тәңіртау таланттары» атты аймақтық байқау өтті. Байқауды Қазақстанның халық әртісі Рамазан Стамғазы, филология ғылымының кандидаты, ғалым ұстаз Сағатбек Медеубекұлы, мәдениет саласының үздігі Тілеулес Құрманғалиев және ауданнан шыққан өнер иелері ұйымдастырды.

Өз тілшімізден.

Жастар ұйымында

ЖҰМЫС ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Кеген ауданының «Алатау жастары» ұйымы мен жастар орталығы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және мәдени шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында игі іс-шараларын атқарып келеді.

Кеген ауданы бойынша халқтың үштен бірін жастар құрайды. Ауданда 14-35 жас аралығындағы 9821 жас бар. Әр салада мемлекеттік қызмет, бюджеттік қызметте, ауыл-шаруашылық саласының жүгін көтеріп жүрген жастарымыз бар.

Кеген аудандық «Алатау жастары» мен аудандық жастар орталығы бірге патриоттық бағытта іс-шараларын ұдайы өткізіп отырады. Атап айтқанда, «Дәрия кеуде тау мүсін, қарттарым аман саумысың» атты патриоттық кездесу болып өтті.



Кездесу отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру, бала тәрбиесіне әкелердің көзқарасын кеңейту және жанұядағы әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеуге бағытталды.

Кездесуге аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Досымбетов Сабыр ағамыз бен Әділжанов Рақымбай ағамыз қатысты. Шара барысында ақсақалдарымыз жастарымызға өз кеңестерін бере отырып, бейеролик көрсетілді. Жастармен пікір алмасып, ситуациялық сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік рәміздер – қасиетім, қастерлім» атты Рәміздер күніне орай патриоттық шара өтті. Патриоттық

шарада Рәміздеріміз туралы жастарға жан-жақты ақпарат беріліп, патриоттық әндерге ұласты. Аталған іс-шарадан кейін Кеген ауылындағы Ақшоқы тауына жастарымыз және Кеген аудандық мәслихатының төрағасы Нұғман Алмасбек Нөкербанұлының қатысуымен «Алатау жастары» Кеген аудандық филиалы туын тұғырына қондырды.

Сондай-ақ, «Жігіт жампозы - 2024» атты аудандық байқауы болып өтті. Байқау V кезеңнен тұрды. Ауылдық округтерден 13 жігіт қатысты. Қатысушы жігіттер ұлт-

тық салт-дәстүрімізге арналған сұрақтармен білімдерін сынап, күштерін жілік шағумен, бұқа тартыспен сынасты.

Байқау қорытындысы нәтижесінде Ұзын-бұлақ ауылынан Тақабай Бейбіт, Жалаулы ауылынан Станбек Ернұр бас жүлдені жеңіп алып, 70 мың теңгені қанжығалады. Ал, I орынға Ақбай Абылай лайық деп танылып, 50 мың теңгені ұтып алды. Нұрланұлы Нұралы II орынға ие болып, 30 мың теңгемен марапатталды. Кәденұлы Жақсылық III орыннан көрініп, 20 мың теңгені еншілеп, аудан әкімінің дипломымен марапатталды. Байқауға қатысушылардың барлығы ақшалай марапатталды.

Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу мақса-

тында «Ұлттық киім – ұлт болмысы» атты кездесу болып өтті. Шара қазақтың ұлттық киімі жайлы толыққанды, жан-жақты мәлімет алып, оны насихаттау, жаңғыртуға бағытталды.

Ұлттық киім – кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесу өтті. Еркін форматта өткен кездесуде жастардың кәсіп таңдауына бағыт-бағдар беріліп, өзекті ойлар айтылды.

Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттау мен жастардың діни сауаттылығын арттыру жұмыстарын жүргізу мақсатында іс-шаралар атқарылуда.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап 2024 қазан айына дейін аудан орталығы және ауылдық округтерде «Дінің түрсын дін аман» атты кездесу, «Жат ағымнан аулақ бол» атты кездесу, «Әлеуметтік желінің зияны» тақырыбында кездесу, «Ұрпақ тәрбиесі - болашақ тірегі», «Ғаламтордағы терроризм. Тұзаққа түспеу тәсілдері», «Жастар және дін», «Жат ағымдар және жастарға тигізер зияны», «Діни теріс ағымдардың жастарға әсері» атты т.б тақырыптар аясында кездесулер өткізіліп, жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар пробация есебінде тұрған жастардың қатысуымен мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау бойынша «Мемлекеттік бағдарлама-ел игілігінің бастауы» атты кездесу өтті.

Кездесу барысында мемлекеттік бағдарламалар жастарға жан-жақты түсіндіріліп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кеген аудандық манасап орталығымен бірлесе Бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізілді.

Кеген ауданының жастар ресурстық орталығының психолог-маманының қатысуымен тренингтар өткізіліп, жеке қабылдауылар жүргізілді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбековпен ұлттық киім туралы



шеберлік сағаты өтіп, ұлттық киімнің түрлері бойынша жастарға мағұлматтар берілді.

«Алатау жастары» ұйымы аудандық ардагерлер мен ақсақалдар ұйымы, Аналар кеңесі, Кеген ауданының жастар ресурстық орталығы, аудандағы білім ошақтары, мектептердегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, аудандық кітапханамен бірлесе жұмыстар атқаруда.

Сонымен бірге жастарымыз қарттарға қамқорлық таныту мақсатында әр аптаның бейсенбі күндері қарттарымызға арналған «Қарттарым-асыл қазынам», «Ардагерлерді ардақтайық», «Өнегелі ұрпақ» атты акцияларын ұдайы өткізіп отырады.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Алатау жастары» ұйымының жанынан футболдан командасы құрылып, іс-шаралар өтуде.

Өздеріңізге белгілі кеше ғана Алматы облысының біріншілігінде волейболдан Кеген ауданының жастары чемпион атанды. «Алатау жастарының» ұйымдастыруымен ұлттық ат спорт түрлері көкпар, қазақша күрестен жарыстар өткізілді.

Кеген аудандық «Алатау жастары» ұйымының құрылғанынан бастап осы күнге дейін 30 іс-шара өткізіліп, 5000 жас қамтылды. Жастармен атқарар іс-шаралары әр қарай жалғасын табатын болады.

Алмас СЕЙІТҚОЖА,
«Алатау жастары» қоғамдық ұйымының
Кеген аудандық филиалы басшысы.

Салауатты өмір салты

СПОРТТЫ ДАМУ-БАСТЫ НАЗАРДА

Кеген ауданы бойынша барлығы 12 ауылдық округ бар. Жалпы халық саны 27 663 адам. Аудан бойынша спортпен шұғылданатын адамдар саны 12 425 адам, аудандағы халық санының 43,7% пайызын құрайды.

Мемлекет басшысының бұқаралық спортпен шұғылданушы халықтың санын арттыру туралы міндетін орындау мақсатында аудан тұрғындарының тұрғылықты жерлері бойынша спортты дамыту жұмыстарын ұйымдастыру үшін 12 ауылдық округ бойынша 16 спорт әдіскер-нұсқаушылар жұмыс атқарады.

Салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында аудан бойынша әр елді мекендерде осы жылдың 9 айында 370 спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Осы өткізілген спорттық іс-шараларға 6700 адам тартылды.

Қазіргі кезеңде, ауданда 30 орта білім беру мектептері бар. 2024 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша ауданда дене шынықтыру және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің саны 7 300 баланы құрап отыр.

Негізінен ауылдағы жастар мен ересектер арасында волейбол, футбол, стол теннисі, баскетбол, жеңіл атлетика, қазақ күресі, дзюдо, грек-рим, тоғызқұмалақ және ұлттық ат спорт түрлерінен және ардагер спортшылар арасында волейбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы, үстел теннисі бойынша жарыстар ұйымдастырылып, өткізілуде.

Кеген ауылындағы спорттық сауықтыру кешені белгіленген кес-



ұйымдастырып өткізуге арналған спорттық құрылымдардың жалпы саны 79 бірлік жұмыс істейді.

Аудан бойынша ұлттық спорт түрлерін насихаттау және дамыту мақсатында қазақ күресі, ат спорты, тоғызқұмалақ, асық атумен аудан бойынша 818 адам жүйелі түрде айналысады.

Кеген ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі 2020 жылы құрылып, 61 штаттық бірлікпен жұмыс істеуде.

Жоғары дәрежелі спортшыларды және спорттық резервті дайындаумен «Кеген ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ айналысады.

Спорт мектебінде спорттың 9 түрі бойынша 806 жасөспірім шұғылданады.

«Кеген ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоспарға сәйкес жұмыстар жоспарлануда: ауданда өткізілетін бұқаралық-спорттық іс-шараларға

балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы белсене қатысып өткізілетін іс-шараларға үздіксіз қатысып отырады.

Жыл басынан тоғыз спорт түрлері бойынша 26 жарысқа қатысып, жалпы нәтиже бойынша 39 алтын, 16 күміс, 34 қола медальдарына ие болды.



Сонымен қоса, аудандық жарыстарды өткізу үшін 5 млн теңге қаржы қаралып, ауданда әр түрлі спорт түрлерінен әр елді мекендерде 370 жарыс ұйымдастырылып, өткізілді. 42 рет облыстық жарыстарға жіберілді.

2024 жылы Кеген ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі бойынша облыстық жарысқа қатысу үшін 9 млн 748 мың теңге бөлініп, 2024 жылдың жыл басынан бері шаңғы жарысы, ұлттық ат спорты (көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы ату т.б.) ойындары, волейбол мен футболдан, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, үстел теннисінен ересектер арасындағы Алматы облысының чемпионаттары болып өтті.

Биылғы жылы ауданымызда Алматы облысының спорт басқармасының ұйымдастыруымен спорттың әр түрінен 6 облыстық

чемпионаттары болып өтті.

2024 жылдың 01 мамыр күні Кеген ауылында «Алатау арланы» облыстық турниріне қазақ күресінен «Кеген бөрісі» аудандық іріктеу турнирі өтті. Жарысқа барлық ауылдық округтерден 20 палуан қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша Кеген ауданының бөрісі болып Ануарұлы Бексұлтан, екінші орын Алғазы Нұрсұлтан, үшінші орынды Көккөзов Айбек иеленді.

Биылғы жылы волейбол, баскетбол, футбол спорт түрлері бойынша «Алатау-2024» лигасының финалдық кезеңінде Кеген ауданы (Арлан командасы) жеңіске жетіп, волейболдан чемпион атанды.

Қанат БЕКТЕНОВ,
Кеген ауданы әкімдігінің
«Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
басшысы.